РУХАНИ КҮШ-ҚУАТ ИЕСІ - САЙЛАУХАН ХАНЫМ

АДАМДЫ ӨМІРДЕ ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР БОЛМАСЫН МОЙЫМАУҒА ҮНДЕЙТІН САЙЛАУХАН ХАНЫМНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

(Жалғасы. Басы 8-9 беттерде.)

223. Барға қанағат қылу мен Аллаға алғыс айту – бақытқа барудың бірінші баспалдағы. Алғысты басқадан күтуден, басқаға алғыс айту – анағұрлым артық.

224. Сенім деген – жақсы қасиет қой. Дегенмен, жатқа сенуден өмірде екі сабақ алуға болады: не сенімді адам табасыз, не сенім туралы өмірлік ащы сабақ аласыз. Ең бастысы, өзіңізге сенуіңіз!

225. Адамның қоғамнан тыс өмір сүруі мүмкін емес: егер айналаңызда іші кек пен ызғаға, қызғаныш пен көреалмаушылыққа толы адам болса, алысқа қашып кетіңіз...

226. Асыл арманға ұмтылған ғазиз басым тасқа тиіп, жоғарғы оқу орнына түсе алмай қалғанымда, мен қайғы-мұңға салынғаным жоқ: ауылға барып, еңбекке етене араласып кеттім. Адам баласы шешілмеген мәселенің түйінін емес, түйіннің шешімін іздеуі керек.

227. Шынымды айтсам, мен жүрегінде тағдырына арыз айтудан гөрі, Аллаға деген сенімі мықты адамдармен етене араласқым келіп тұрады...

(Жалғасы бар.)

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АЙБЫНЫ
«Жұмадағы жүздесу» газеті ҚР МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ министрлігінде тіркілген. Куәлік № 6785-Г (23.01.2006 ж.) берілген.
Меншік иесі: ЖК «Утегенова»
Гәзет Қазақстан Республикасының барлық аймақтарына тарайды.
Газет бейсенбі күні шығады.
Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Газет «WESTA» ЖШС баспаханасында басылды. Таралымы 26000 дана.
Баспахана мекен-жайы: Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 215 А.
Директор - Бас редактор
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
Қалта телефоны: **+7 701 111 61 05**
Редакция мекен-жайы: Орал қаласы, **Досмұхамедов көшесі 18 үй**
E-mail: **ORAL74@MAIL.RU**
Редакция меңгерушісі Руслан ҚАЖЫМҰҚАНҰЛЫ
Қалты телефоны: **+ 7 701 208 19 99**

9 10 11 12 13 14 15 ҚАҢТАР
№1-2 (152) 2020 ЖЫЛ
ЖҰМАДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, КӨРКЕМ-ӘДЕБИ ТӘУЕЛСІЗ БАСЫЛЫМ

ЖЫРШАШУ

БАУЫРЖАН МЕН БАҚЫТЖАН

Қызым Інжуге Алматы қаласы әкімінің Жаңа жыл шыршасында былтыр Бауыржан БАЙБЕК (2019 ж.), биыл Бақытжан САҒЫНТАЕВ (2020 ж.) арнайы сыйлықтар тапсырыпты. Інжудің: «Әке! Бұл ағалар Аяз Ата ма?» – деген сұрағына жауап...

Балапаным, бармақтай!
Аяз Ата болмайды...
Сәбилерді алдайтын,
Таяз ата болады!

Жарқын жүзді **БАУЫРЖАН!**
Бір жыл төлі – дүр жасы.
Қырық бесті еңсерген,
Әкеңнің түй-құрдасы.

Лауазым дөй болса да,
Баукең жақын өнерге.
Тәй-тәй басқан қадамы,
Келе жатыр кемелге.

Салиқалы – сабыры,
Сөйлемейді қызына.
Ғажайып сый жасапты,
Құрдасының қызына...

Жылда қала-төренің,
Моншақтарын тағамыз.
Ұмытпапты Інжуді,
БАҚЫТЖАНдай ағамыз!



Бастық аға байсалды,
Қуантуға тездеді.
Табыстады сыйлығын,
Күлімсіреп көздері.

Домбыраның күмбірі,
Жүректерді қозғайды ән.
БАҚЫТЖАНмен би билеп,
Бала біткен мәз-мейрам.

Тәлімі мол адамның,
Жан байлығы тау-кендей,
Қазақта аз әкімдер,
Алтын құрдас **БАУКЕН**дей!

Салмақты сөз, жалғыз серт,
Шашпайтұғын далаға.
Бүгіндері көп емес,
Бақытжандай нар аға!

Ару қалам – Алматы,
Сырғалары жақұттан.
Еселеді еңсенді,
Бауыржан мен Бақытжан!



Әппақ қызым ақылды,
«Бұлар кім?» деп сұрады...
Арнап келген қызына,
Ағаларға разы!

Сыйлы сәби шаттықтың,
Тәтті дәмін татыпты...
Балалары қуанса,
Ата-анасы бақытты!

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

Уақыт жүйрік қой, көзді ашып-жұмғанша отыз жылдай орасан уақыт зымырап өте шығыпты...

Сона-а-ау тоқсаныншы жылдары қазақ тәуелсіздік туын тіккенде, тым албырт едік, тым қызуқанды едік: «ата-бабамыздың жүзжылдық аңсаған арманына қол жеткіздік, енді барлық дүние өздігінен орнына келе береді» деп ойладық...

Мұнымыз аса шолақойлылық екен. Міне, арада, бостандықтың отыз жылдық таңы атты: ал, қазақ әлі күнге дейін озбыр орыс зорлықпен таңған жаңа-жылдық ШЫРШАсынан құтыла алмай-ақ келеді...

Басқа-басқа, қазағы қалың «Әулиелер елі» маңғыстаудың марқасқа қазағының өзі жаман әдет, кәпір қадеттен ойы мен бойын ажырата алмай, әлек...

Үстірттен жеткен соңғы ақбарда: *«Жаңа жыл мерекесі жақындаған сайын әр аймақта әкімдіктер шырша безендіру үшін жергілікті бюджет есебінен аянбай шығынданатыны әуел бастан белгілі. Жылдағы сол даулы үрдістен жаңылмай, Ақтау қаласының мәслихат депутаттары қараша айының соңында мерекелік шыршаны безендіруге 37 млн теңге бөлу туралы шешімді мақұлдаған. Олардың сөзінше, бұл қаржы от шашулар мен шырша және түрлі безендіруге жұмсалады. Ал өңірдегі қоғам белсенділері Маңғыстау облысы көпбалалы аналардың шағымына құлақ аспай отырып, халық қалаулыларының мұндай шешімді қолдағанына наразылық білдіріп отыр.*

«Қараша айында бір көпбалалы ананың қиналып отырғанын айтып облыстық мәслихатқа 200 мың теңге сұрап барғанымда «ақша жоқ» деп, бетімді қайтарған. Артынша қалалық мәслихат депутаттары мақұлдаған мына шешімді естігенде, әлеуметтік желіге күйінгеннен жазба жариялағанмын. Түрлі басшылар хабарласып, жазбамды алып тастауды өтінді. Облыста көпбалалы аналарға баспана беру мәселесін былай қойғанда, дәрі мен азық-түлігін қамтамасыз ету де – үлкен әңгіме», – дейді қала тұрғыны Шынар ҚҰРМЕТОВА» – деп жазылыпты.

Расында, әлі есімізде: жергілікті басылымдар өткен айдың соңында Маңғыстау облысында контейнерде 7 баласымен тұрып жатқан Назгүл ҚОЖАХМЕТОВА есімді көп балалы ана жайлы жазып, мерекелік шырша дауынан кейін әкімшілік түрлі көмек көрсеткен. Артынша «Әкімшілік өкілдері «уақытша баспана береміз» дегенде, Назгүл Қожахметова «шағын көмек болса жетеді, баспананың қажеті жоқ» деп, айтыпты» деген дақпырт шықты. Мұнайлы түбекте елден көмегін аямайтын атпал азаматтар жетерлік. Бірақ, мұнымен көпбалалы аналардың мәселесі шешілген жоқ.

Шыршасын безендіруге 37 миллион бөлген Ақтау әкімшілігі қазақтың бір отбасына қуықтай баспана алып бере алмай отырғанда, қазақтың толық еркіндігі, жігерлі рухы, алдаспандай намысы туралы айту – әлі ерте!

Алдымен, КӨЗІҢДІ АШ, қазағым! Көзің ашылса, жан-жағыңды көресің: шыршаны емес, Қағбаны айналып, тәу ету керектігін түсінесің!

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА.

ҚҰРМЕТТІ ЗАҒИП ЖАНДАР!

Сіздерді 2020 жаңа жылмен құттықтаймыз, дендеріңе саулық, отбасыларына амандық, елімізге тыныштық тілейміз!

Көз көру мүмкіндігі шектеулі жандардың корпорация президенті, БҚО соқырлар қоғамы мен «Жеңіс» мүгедектер бірлестігі тапсырмасы бойынша І-топ мүгедегі Қайықбай ҒАЛИЕВ.



ЕМШІЛІКТІҢ ТЫЛСЫМЫ МЕН ТАНЫМ-ҚАҒИДАТТАРЫ

Құрметті оқырмандар! Өткен жылдың аяғына таман біз Қазақстанда сирек құбылыс саналатын – космобиоқуат саласының майталман маманы, Халықаралық дәрежедегі емші, сауықтыру медицинасының докторы Сайлаухан Сұлтанғазыұлы ӘУЕЛБАЕВАның өмірі мен қызметіндегі төл тәжірибелерінен түзілген тылсым танымдары мен қастерлі қағидаттарын (189 қағидат) өздеріңіздің назарларыңызға ұсына бастаған болатынбыз.

Жаңа жылдың алғашқы санынан бастап, көптеген оқырмандарымыздың өтініштері бойынша ем-домы мен әдіс-тәсілдері ерекше Халықаралық дәрежедегі емші Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВАның тылсымның танымдары мен қастерлі қағидаттарының жалғасын (50 қағидат) назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

190. Өмірдің әр күні – жаңа ғажайып. Өкінішке қарай, адам баласы осынау орасан ғажайыптың қадірін біле бермейді. Әйтпесе, жарық Күнге, жылы жауынға, ақшаңқан қарға, жапжасыл шөпке, таза ауаға, алуан гүлдерге шексіз шаттанып, тойымсыз құштарлықпен қуанар едік.

Бос сөз, дұшпан пиғылға – уақыт жоғалпаңыз: жаны адал, уәдесі берік, жүрегі жұмсақ адамдардан өзгесін аулаққа қуып, әр сәтіңізді шаттықта шалқуға үйреніңіз!

Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА, халық емшісі.

191. Қол жеткен жетістік пен татымды табысқа тоқмейілсу – тоқыраудың басы. Мен де ерен бейнетімнің – есіл зейнетіне мамырлап жатсам болар еді, бірақ, жаңа ойсыз, тың түлеусіз, мәнді мақсатсыз өмір сүре алмаймын. Кәне, сіз де бізге ілесіп көріңіз!

ЕМДЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Алматы қаласы, Панфилов көшесі 21-үй (Райымбек даңғылының қиылысы).
Байланыс телефондары:
8-707-203-60-35,
8-701-179-06-06 (уатсап).

192. Қазақ кейде қаттырақ айтады: «Көресіңді көрмей – көрге кірмейсің» дейді. Расында, менің тағдырым да толассыз тар жол, тайғақ кешулерден түзілді: тіпті, тығырыққа тірелген сәттерім де сансыз. Дегенмен, бұл менің өз өмірім, менің төл тағдырым. Жаратқанға ризамын!

193. Бақытты болудың қағидасы тым қарапайым: ұятыңызды жоғалтпаңыз, арыңызды ыластамаңыз; адамға қайырымды, жақыныңызға жанашыр болыңыз; кек сақтап, қиянат жасамаңыз; кішіге – қамқор, үлкенге – құрмет көрсетіңіз; тер төгіп, адал нан жеңіз!

194. «Сайлаухан Су» шипалық суы – адам тәнінің өзін-өзі қорғау (иммундық жүйе) қабілетін күшейтеді, ағзадағы дәрі-дәрмек қалдықтарын жояды, тәнді жабысқақ у мен қоқыстан (шлак) тазалайды. Мұның себебі, шипалық су құрамында адам ағзасы мен тәніне зиянды ауыр металдар алынып тасталған.

195. «Сайлаухан Су» шипалық суының әр тамшысы адамның әрбір жасаушысына сіңген сайын тазартып, қуаттандырады. Сөйтіп, адамның тәні өзіне тиісті міндеттерді мүлтіксіз орындауға кіріседі.

196. Біраз адам алғашында түсінбей де қалар, сонда да мынаны ашық айтқым келеді: «Сайлаухан Су» шипалық суы – емдеп қана қоймайды, сонымен қатар, ғайыптан адамзаттың болашағы жайлы тұжырым-ақбарлар береді: тасқын су, жер сілкіну, текетірсетер мен толқулар туралы ескерту жасайды.

*197. ««Сайлаухан Су» шипалық суының терең құпиясы» атты халықаралық көрмені атақты қоғам қайраткерлері мен атышулы ғалымдар, ұзын-ырғасы бірнеше мыңдаған адамдар тамашалады. Тұжырым: **««Сайлаухан Су» шипалық суы – адамзат тарихындағы тылсым құбылыс»** дегенге сайды. Жасыратыны жоқ, адамның өзіне тіптен түсініксіз табиғат ғажайыптары жылдан-жылға көбейіп келеді. Біздің тың тәсіліміз – аталған тылсымдарды алдын-ала танып-білуге жәрдемін тигізсе, біздің басты мақсатымыздың жүзеге асқандығын көрсетеді. Сол себепті, аталмыш көрмелердің жиірек өтіп тұруын қос қолымды көтеріп, қолдар едім.*

198. Таза адами қасиет – үлкенге де, кішіге де өмір бойы аса қажет. Сыртқы түр-сипатыңызға мұқият қарап, ішкі жан-дүниеңіздің тазалығын да алдыңғы орыннан түсірмеңіз. Адамдарға қайтарымын күтпей, жақсылық жасай беріңіз. Көрші қарияның ауыр заттарын пәтеріне жеткізіп бере салыңыз, қаңғыбас жануарларды тамақтандырудан да қашпаңыз, шамаңыз келсе, жетімдер үйіне жәрдем де беріңіз. Қайырымды істер ішкі дүниеңізді тазартып, рухани байытады, адам ретінде едәуір өсіреді.

199. Жаңа мемлекеттің қалыптасуының алғашқы жылдары – әрбір қазақтың арқасына батты: азық-түлік азайып, бағасы аспандап өсіп жатты. Күннен-күнге тігіншінің талғажауы тиын-тебені – таршылыққа қарай сүйреді. Қолымнан келген кезкелген істен тартынбадым. Сөйтіп, әйел адамның табиғатына мүлдем жат – инженер-электрик мамандығын меңгердім. Қазақтың: «Пенде байғұс үш тәуліктен соң, көрге де үйренеді» деген ауырлау мәтелі бар. Дегенмен, мақал-мәтелдің өзегі – өмір шындығы ғой. Басымды тау мен тасқа соғудан тайсалмай, жаңа жұмысымды да дөңгелетіп, керек десеңіз, мақтау-құрметке де іліндім.

Алғашқы махаббаттай қымбат – ұстаздық кәсібімнің күн санып алыстап, сәт сайын қарыштап, ұзап бара жатқаны – кей-кейде кеудемде кермек толтыратын.

200. «Отанын сүю – иманнан» деп жатады, ұлтын сүю де солай. Мен жаңа дипломыммен жұмысқа орналасқан толық орыстілді балабақша болса да, көпұлтты балдар бар өз тобымда қазақша сөйлеп, тәрбие бердім. Көп ұзамай, балалар қазақша түсініп қана қоймай, өзара сөйлесе бастады. Бірде Қалалық оқу бөлімінің қызметкерлері менің ашық сабағыма қатасып, менің көпұлтты құрайтын тәрбиеленуші балаларымның қазақша еркін сөйлеп, ән айтып, би билеп, бағдарламаны сауатты меңгергендеріне таңтамаша қалды.

201. Суға мейілінше жауапкершіліктен қарау – адамды тура жол, таза пейілден адастырмайды. Жақыныңа шынайы жанашыр болу, табиғаттың әр талшығын жаныңдай сүю, кешірімді де қайырымды болмысымызды сақтау – суға деген көзқарас-мейірімділігіміздің бастау алады. Атамыз қазақ: «Судың да – сұрауы бар» дегенді бекер айтпаған.

202. Тағдырыңыздағы әрбір маңызды сәтке талдау жасауды үйреніп, тиісті сабақ алуды үйреніңіз. Асықпай-саспай өзіңіздің басты бағыт, негізгі мұратыңызға қарай жылжи беріңіз.

203. Нендей нәрсені аздай және кішкенесінен бастау тиімді. Мысалы, баланы жауаптылыққа баулу үшін, алдымен, төсегін жиыстыруды, мысықты тамақтандыруды үйретіп; ересек тарта бастағанда үйдің коммуналдық қызметінің есеп-қисабын жасап-төлеуді үйретіңіз.

204. Азға – қанағат қылу да үлкен кісілік. Мен телегей-теңіз байлыққа қуана алмайтын бай-батшаларды көріп, қатты аядым. Өзіңіздің ахуалыңызға риза болып, айналадағы адамдар мен атқан таңға шынайы қуана білсеңіз – Жаратқан Иеміз жарылқайды!

205. Суреттеп айтсам, өмір дегеніміз – боямен салынған сурет сияқты: оның көлемі мен бояуларын, мақсаты мен бағытын сіздің өзіңіз таңдайсыз. Демек, бәрі өзіңіздің қолыңызда!

206. Тәукелесіз адам – табысқа жетпек түгілі, қатқан орнынан тапжылып, қозғала да алмайды. Өз басым, тәуекелдің таразысын жеті өлшеп, бір кесемін. Тәуекелдің кепілі – асығыстық емес, ақылдылық. Күрт өзгеріс пен толымды табыс – тәуекелмен ғана бағынады.

207. Су – тіршіліктің көзі. Өзендер мен көлдердің, ормандар мен тоғайлардың, саяжайлар мен саябақтардың, талдар мен гүлдердің, жемістер мен астықтардың тамыры – су. «Сайлаухан Су» шипалық суының құрамы мен қасиетіне мен толыққанды өмірдің қуанышы мен қызығын сіндіруге тырысамын.

208. Өз өміріңіз бен төл тәжірибеңізден артық мұғалім болмайды.

209. Іс-қимылыңызға бақылау жасап, реттеп отыруды үйреніңіз, «қайдам», «білмеймін» деген сөздерді сөз қорыңыздан мүлдем алып тастаңыз: қалтафоныңыздан белгісіз қызметтер үшін алынған қаржыларды анықтауға тырысыңыз; бір-біріне өте ұқсас екі дүкеннің бірінде кісілер толы, ал, екіншісіннің іші әрдайым бос тұратындығына ой жіберіп, талдау жасаңыз; басқаның пікірі мен ақылы қажет болса, ойланып-толғанып жатпаңыз, дереу және тура сұрап-білуге дағдыланыңыз...

210. Есін біліп, шашын тараған жеткеншекті інісінің немесе қарындасының мектептегі «Ата-аналар жиналысына» жіберуге де болады. Ересектермен сөйлесіп-араласу – желкілдеген жеткіншектің өзіне деген күш-қуатын арттырып, сенімін молайтады. Тіпті, қалай сөйлесіп-ақылдасып, жүріп-тұруды үйренеді. Өйткені, ол да ертеңгі ата-ана ғой...

211. Жақсы өмір сүру үшін – жақсы жұмыс істеу керек. Бұрынғыдан және басқалардан өнімдірек тер төгуіңіз керек. Бұл – менің өмірлік ұстанымым.

212. Мейілінше дәл де тура ақпараттық диагностика – адамның сырқатынан жазылып кетуінің тура жолы. Кейде менің құдай берген қабілетімді ешқандай да ең мықты әрі сұжаңа медициналық құрал-жабдықтар алмастыра алмайды.

213. Табиғаттың тылсымдарын тану – әсте де жеңіл шаруа, оңай іс емес. Адамзатқа мейлінше сақ болып қана қоймай, мейлінше жұмсақ та болуға тырысу маңызды. «Сайлаухан Су» шипалық суының тылсым сырлары адам баласын қауіп-қатерлерден сақтай алатын құтқарушы болса деймін...

214. Адамның қалыптасуы – ұзақ та жауапты үрдіс. Мен балаларымды жауапкершілікке қаршадайынан тәрбиеледім: міндеттері мен құқтарының аржігін ажыратуды үйреттім. Сүйегі қатпаған балғын баланы майыстыру, яки, баулып-үйрету оңай; егер уақыт өтіп, жасы ұлғайып, қабырғасы қатайып кетсе, үш есе еңбектеніп, көбірек тер төгуге тура келеді.

215. Қазіргі химиялық қоспалары шектен тыс көп дәрі-дәрмектер – адамның бір сырқат мүшесіне көмектескенімен, құлантаза екінші мүшесіне зиянын тигізуі әбден ықтимал. Мен өзімнің авторлық ем-дом тәсілдерімде адамға ешқандай да зиян келтірмеу жақтарын қатты қарастырамын.

216. Біреулер «ағысқа қарсы жүзгеніне» мақтанып жатады. Ал, негізі адам баласы ағыспен бірге жүзуге құмар. Мен болсам, қашанда өз жолым мен бағытымды іздеумен келемін: ағыстың ырғағымен да, оған қарсы да жүзбеймін. Өзім таңдаған жаққа жүземін: тіпті, егер басым тасқа тиіп, мәселім шағылып жатса, мұның өзі менің бұрыс жолды таңдағаным емес.

217. Адамның бойы жетістіктер мен кемшіліктерге толы. Сіздің тағдырыңыздың бағыты сіздің осы екі қасиеттің қайсысын көбірек пайдалануыңызға тікелей байланысты.

ТЫЛСЫМНЫҢ ТӘЛІМІ

218. «Сайлаухан Су» шипалық суы – менің қалауыммен шыға салған заңсыз өнім емес. Ұзақ жылдар бойы еліміздің Денсаулық сақтау министрлігіне қатысты Жүрек ауруларын емдейтін ғылыми институттың Курорттану бөлімінің ғалымдарымен бірлескен зерттеу жұмыстары жасалып, «ГОСТа 2874-82 – «Ауыз су» талаптары сақталып, берілді.

«Сайлаухан Су» шипалық суының химиялық құрамы кислородпен мейілінше байытылған.

Құрылымдық өзгерістер түзген шипалық суымыз – әбден әлсізденген тәнге күн-қуат беру арқылы ең ауыр сырқаттарды емдейді.

*219. Негізі, біздің шипалық суымыз Курловтың мынадай формуласына негізделген: **(HCO3 +CO3) 77/SO4 12Cl 5/M 0,38; pH -8,0-8,4Ca 22 Mg 25 Na21/ K2/** Шипалық су құрамында адам ағзасы мен тәніне зиянды ауыр металдар мен басқа да табиғи элементтерді азайтып, белгілі ем-дом жасалғаннан кейін тек күш-қуат пен айығуға бағытталған құрылымдарды қалдырдық.*

220. Ақиқатында, Сайлаухан Су» шипалық суын әрбір науқасты жеке-жеке зерттеу арқылы ғана қолданған мейілінше пайдалы. Мен сенімдімін: Ph (Ph от 8,5 до 15,5) құрылымының нәтижесі орасан тиімді.

221. Менің өмірім мен ем-дом жасау тарихымда 2014 жылдың орны ерекше: бұл жылы Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік мұражайда 17 күнге созылған ««Сайлаухан Су» шипалық суының терең құпиясы» деген атпен халықаралық көрме ұйымдастырылып, оның барысы кейінірек жарық көрген «Қазақстанның денсаулық саласы. Алматы» атты кітапта көрініс тапты. Көрменің ерекшелігі сол: алып сүрет туындыларында судың тамшысы, бағыты, «мінезі», белгілері т.б. қасиетті бейнеленіп, адамның рухани дамуының барысын көрсетті.

222. Адамның үміті ешқашан сөнбеуге тиіс. Менің алдыма дәстүрлі медицинадан күдерін үзген талай сырқат келіп, құлантаза айығып кетіп жатады. Бұл – менің өмірімнің мәні.

ЖАЛҒАСЫ 16-БЕТТЕ

Сайлаухан Әуелбаеваның қанатты сөздерін орыс тілінен қазақ тіліне аударған - Қажымұқан ҒАБДОЛЛА